

Г.Д. Тәжібаева¹
Қ. Қалиев²

¹Стамбул университеті, Стамбул, Түркия
²Д.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Нұр-Сұлтан, Қазақстан
(E-mail: didar85_2009@mail.ru, kashonti@mail.ru)

Қазақстандық орта таптың әлеуметтік сипаты мен құндылығы

Аңдатпа. ХХ ғасырда капиталистік бағыттың даму процесінде қалыптаса бастаған «орта тап» талдауының теориялық негіздері және қазіргі заманғы Қазақстанның даму кезеңдеріндегі орта таптың қалыптасуы туралы бірқатар сұрақтар бүгінгі таңда маңызды сипатқа ие. Осы зерттеу сұрағына жауап табу үшін бұл мақалада әдебиеттерге теориялық шолу жасалады және «тарихи бағалау» әдісі арқылы керекті мәліметтерге қол жеткізуге мүмкіндік беріледі. Сонымен қатар, әдебиеттерге хронологиялық талдау жасалып, Қазақстандық орта таптың қалыптасуы мен дамуына әсер ететін әлеуметтік өзгерістерді анықтайтын факторларды тұжырымдайды.

Сонымен қатар, Қазақстанда соңғы екі жыл ішінде жүргізілген әлеуметтанулық зерттеулердің де сараптамалық сипаттамаларына талдау жасалынады. Елімізде мұндай талдамалық зерттеулер соңғы жылдары сирек жүргізіліп жатқаны анық. Осындай мәселелерді шешу үшін мемлекет тарапынан жасалынып жатқан әрекеттерді жүзеге асырудың негізгі жолдары да қарастырылады.

Түйін сөздер: әлеуметтік құрылым, орта тап, «жаңа» орта тап, Қазақстандық орта тап.

DOI: <https://doi.org/10.32523/2616-6895-2021-136-3-309-315>

Кіріспе

Дамыған капиталистік елдер мен қазіргі Қазақстанда «орта тап» тұжырымдамасы туралы пікірталастар жан-жақты талқылауды талап ететін тақырыптардың бірі. Әлеуметтік «стратификация» және «тап» мәселесі – әлеуметтануда капиталистік қоғамды түсінуге мүмкіндік беретін алғашқы мәселелердің бірі. Алайда, ХХ ғасырдағы капиталистік даму процесінде пайда болған өзгерістер мен қайта құрулар қоғамның әлеуметтік құрылымындағы қайшылықты болып келген әлеуметтік таптарды анықтауды одан сайын қиындатты және бұл әлеуметтанудың үздіксіз мәселесі-

не айналды. Капиталистік даму процесінде тап құрылымында болатын маңызды өзгерістер мен қайта құрулар қоғамның әлеуметтік құрылымында немесе еңбек процестерінің техникалық бөлінісінде болатын қайта құруларға тікелей байланысты. ХХ ғасырдағы капиталистік даму процесінде байқалған ең маңызды өзгеріс еңбек процесінің бөлінуі мен қоғамның ішкі құрылымындағы еңбектің дифференциациясы екені мәлім. Бір жағынан, бұл құбылысқа жұмыстың құнсыздануы, жұмыс күшінің біліктілігін төмендуге және еңбек пен капитал арасындағы тәуелділік қатынастарының артуын білдіреді. Екінші жағынан, ғылыми-техникалық дамуға байланысты бизнестің

жаңа түрлері мен біліктілік формаларын дамытуға әсер ететіні анық. Бұл екі қарама-қарсы тенденциялар қазіргі заманғы таптық мәселелерді анықтаудың негізгі қайнар көзі болып табылады. Басқаша айтқанда, ақыл мен қол еңбегінің бөлінуіне негізгі себеп болатын «пролетаризация» мен «антипролетаризацияның» қатар өмір сүруі – бұл таптарды анықтауды және таптық қатынастарды қиындататын маңызды құбылыстардың бірі.

Орта тап мәселесі дамыған және дамушы елдердегі көптеген әлеуметтанушы ғалымдардың негізгі зерттеу объектісіне айналған тақырыптардың бірі. Әлеуметтік таптарды анықтаудағы қиындық «орта таптардың» ұстанымын, қалыптасуы мен өзгеруін анықтауда да байқалады. Орта таптың альтернативті анықтамалары көп болғандықтан, әлеуметтануда орта тапты анықтауға қатысты әлі күнге дейін нақты бір қалыптасқан пікір жоқ. Орта таптың анықтамалары әртүрлі теориялық тәсілдерге байланысты әр түрлі болғанымен, географиялық орналасуына, табысына, өмір сүру құндылығына және кәсібіне қарай жіктеледі. Сондықтан, орта таптарды анықтайтын әмбебап критерий болмаса да, уақыт пен елге байланысты өзгеруі мүмкін (бұл тіпті бір елдегі әртүрлі аймақтарға да байланысты).

Орта таптардың гетерогенді табиғаты, осы тақырыпқа қатысты авторлардың әртүрлі көзқарастарымен қатар, орта тап туралы пікірлердің көп болуының бір себебі ретінде қарастырылады. Осы тұрғыда Э.Гидденс, орта тап термині әр түрлі кәсіптің әр түрлі жұмысшы табын қамтитындығын білдіретінін атап кетеді [1, 358]. Француз әлеуметтанушысы Пьер Бурдьё өзінің әйгілі еңбегі *Distinction* (Айырмашылық) атты еңбегінде тұтыну заңдылықтары мен талғамдары арқылы орта тапты айыра білуді және бұл таптың гетерогенді құрылымға ие екендігін көрсетеді [2, 514].

Негізгі бөлім

Бұл мәселені Қазақстан тұрғысынан қарастырған кезде, қазақ қоғамы дамыған және дамушы елдердегі тұрақты таптық құрылым туралы осы күнге нақты бір таптық сананың

қалыптаспағанын көруге болады. Әсіресе, Кеңес Одағының кезеңі мен тәуелсіздік алғаннан кейінгі жылдарда Қазақ қоғамындағы таптық құрылымды сипаттайтын дереккөздердің тапшылығы байқалады. Сонымен қатар, капиталистік елдердегідей орта тапты анықтаудың негізгі өлшемдерін көрсететін зерттеулерге мұқтаж екеніміз де анық. Қазақстанда 2000 жылдардан кейін орта тапты зерттеуге деген және олардың сипаттамалары мен дамуына назар аударатын эмпирикалық зерттеулер пайда бола бастады. Тәуелсіздік алғаннан кейін елдегі саяси, экономикалық және әлеуметтік өзгерістер орта тапқа жүргізілген зерттеулерге тікелей әсер етті. Осыған орай, Қазақстандық орта тапты ажырату қандай критерийлерге сәйкес анықтай аламыз? деген сұрақ пайда болды. Қазіргі Қазақстанды зерттеу барысында әлеуметтік құрылым тұрғысынан қарастыратын осы сұрақ, әр түрлі кезеңдерде орта тап тұжырымдамасын қалыптастыратын факторлармен байланысты жұмыс жасаудың маңызды тетігіне айналды.

Жапшай орта таптың пайда болуы батыс елдерінің XX ғасырдың аяғы мен XXI ғасырдың басындағы ең әсерлі жетістіктерінің бірі. Оны капиталистік қоғамның ескі тұжырымдамаларын бітіспес қайшылықтарға толы поляризацияланған құрылым ретінде пайда болған феномен ретінде қарастыра аламыз. Санының көптігіне байланысты орта тап дамыған елдерде маңызды әлеуметтік күшке және аз дамыған елдерде жаңа бір мақсатқа жетудің жаңа бір құралына айналуға. Орта таптың қоғамдағы ең маңызды рөлі қоғамның тұрақтылығын қамтамасыз етуі және бірқатар терең экономикалық және әлеуметтік мәселелерді шешудің символы болып табылады.

Орта тап ұғымының ұзақ тарихы бар, бірақ оның семантикалық мазмұны қоғамның әлеуметтік-экономикалық өміріндегі өзгерістерге байланысты өзгерді. «Орта тап» туралы тұжырымдамаларды ғылыми әдебиеттерден табу қиын емес. Бұл, ең алдымен, әлеуметтанушылардың көпшілігінің «жаңа орта тап» ретінде сипатталатын осы таптың жас ерекшеліктеріне баса назар аударуымен көрінеді. Сонымен, қазіргі орта тапты «ескі орта тап»

емес, оларды жаңа әлеуметтік құбылыс ретінде қарастыруға болады.

Көрнекті американдық әлеуметтанушысы Ч.Райт Миллс «ескі орта таптың» «жаңа орта таптан» түбегейлі айырмашылығы ретінде өздері табыс табатын және жеке меншікке иелік ететін кәсіпкерлерді атап көрсетті. Еуропалық орта таптың Американдық орта таптан ерекшелігі «ауыл» буржуазиясының болуы және олардың жеке өндіріс құралдарының болуында. Райт Миллс айтқандай, «инвестиция» - бұл жерге, меншікке арналған шағын кәсіпкер ғана емес, ол кәсіби қызметтің шегін белгілетін тәуелсіз, өйткені ол бизнес жасай алды ... Еңбек пен мүлікті қатар алып жүрді. Инвестиция мүлкі іскерлік дағдыларды қолдану объектісі болды және оның әлеуметтік мәртебесі меншіктегі мүліктің мөлшері мен жағдайына байланысты болды» [3, 49].

Сонымен, «ескі орта тап» біріншіден, меншік өзіндік критерийлерімен анықталса, екіншіден, ол қоғамда өткізгіштік рөлін атқарса, оны анықтау шекаралары «жаңа орта тапқа» қарағанда нақты анықталған. Орта таптың қоғамдық мүдделері оның өмірлік ұстанымымен де анықталған. Орта тап бар, ол жұмыс істейтін және тұтынатын әлеуметтік ортаның жағдайына өте сезімтал болып келеді. Орта таптың мәртебесі негізгі әлеуметтік қызметтердің қолжетімділігімен өлшенеді. Мәселен, денсаулық сақтау және білім беру, әлеуметтік қамсыздандыру мен сақтандыру жүйесінің болуымен, мемлекеттік саясатты іске асырумен, құқықтық қорғаудың жоғары деңгейімен, әлеуметтік инфрақұрылымды дамыту сияқты көрсеткіштермен сипатталады.

Жалпы алғанда, Қазақстан қоғамындағы орта тап өздерінің әл-ауқатының өлшенген мүшесі ретінде өздерінің әлеуметтік жағдайларының микроәлеуметтік деңгейінде өмір сүретін кәсіби қауымдастықтардың бір бөлігі болып бөлінеді. Белгілі бір мағынада, олар батыстық зерттеушілер атап көрсеткендей, өздерінің жергілікті және ғаламдық мүдделерін қорғауға тырысатын әлеуметтік субъектілер және олар бір аймақтағы әлеуметтік жағдайларды барынша арттыруға тырысатын әлеуметтік топ. Орта таптың елдегі қоғамдық

жұмыстарға араласуы олардың байыпты адам екенін білдірмейді. Сонымен қатар, олардың ұзақ мерзімді мүдделеріне қатынасы олардың жұмысымен тікелей байланысты.

Қазіргі Қазақстанда билік пен қоғамның өзара іс-қимылының жеткілікті тиімді тетігі жоқ екенін атап өткен жөн. Халықаралық демократиялық тәжірибеде бұл коммуникацияның басты құралы саяси партиялар екенін білеміз. Британдық саясаткер Эндрю Хейвуд бұл саяси институттың негізгі механизмі «қазіргі саяси сайлаудағыдай, билікке келу немесе басқа мемлекет пен азаматтық қоғам арасындағы байланыс ең маңызды және партияны жеңіп алу үшін адамдар тобы белгіленген ережелер» деп мәлімдейді [4, 152].

Заманауи Қазақстан қоғамындағы орта таптың қалыптасуы және саяси институттануы XX ғасырдың соңы мен XXI ғасырдың басындағы демократиялық модернизация үрдістерінің дамуын түсіну аясындағы негізгі тақырыптардың бірі болып табылады. Қуатты орта таптың болуы және оның саяси қызметі оң өзгерістердің болып жатқанын көрсетеді. Сонымен қатар, орта таптың қоғамның саяси және экономикалық өміріне айтарлықтай әсер етпейтіндігі елдегі саяси, экономикалық және әлеуметтік жағдайдың тұрақсыздығын көрсетеді.

Қазіргі қоғамдағы орта тап ұғымы ғалымдардың маңызды әлеуметтік санасына айналуда. Өткен ғасырларда да орта тап ұғымы әртүрлі салаларда зерттеле бастағаны анық. Қазақстанда орта тап термині кең ауқымды қамтиды. Бұл ғылыми тұжырымдама әр түрлі жолмен қарастырылып жатқаны анық. Бүгінгі таңда, Қазақстандағы орта тапты зерттеу қоғамның күрделі мәселелерінің бірі болып табылады және ол саяси институттанудың негізгі аспектілерін анықтауға көмектеседі.

Қазақстанда да, постиндустриалды елдердегі сияқты саяси және әлеуметтік-экономикалық процестерің негізінде орта таптың қалыптасуы саясаттанушылар мен әлеуметтанушылардың назарын аударуда. Қазақстанда орта тапты екі топқа бөліп қарастыруға болады: біріншісі, соңғы онжылдықта еліміздегі орта таптың жоюылу үдерісінің құрбаны

болып жатқанын байқасақ, екіншіден, орта таптың саңдық көрсеткішін арттыру үшін, оларды қызықтыратын нысандардың санын көбейту маңызды болып саналады. Дегенмен, орта таптың болуы бүгінгі біздің еліміз үшін маңызды фактор екені анық. Орта тап кез келген елдің дамуындағы қайта құру кезеңінің (цикл) сенімді тірегі ретінде сипатталады.

Белгілі бір елдің әлеуметтік-экономикалық дамуы орта таптың ауқымын, құрылымын және өмір сүру деңгейін көрсетеді. Қазақстандағы экономикалық жаңару жылдарында, әсіресе нарықтық қайта құрудың бірінші кезеңінде халықтың көпшілігінің өмір деңгейінің төмендеуі пайда болды. Мұның себебі - барлық салалардағы өндірістің құлдырауы, капиталдың аз жинақталуы, ескі өндірістік капитал, ұзақ уақыт бойы жаңа меншік пен нарықтық институттардың пайда болуы, инфляция мен жұмыссыздық деңгейінің жоғарылауы.

Қазақстандағы әлеуметтік-экономикалық жағдайды талдау, жалпы алғанда, халықтың өмір сүру деңгейінің өскендігін көрсетеді және бұл Қазақстанда орта таптың болуын және келешекте масштабтың өсуін көрсетуі мүмкін. Орта тапты бөлудің ұсынылған әдісі тұтыну құрылымы мен табыс деңгейін бағалауға негізделген. Сонымен қатар, орта таптың өмір сүру деңгейі мен табысы халықтың алғашқы, сонымен қатар екінші қажеттіліктерді қанағаттандыратын өмір сүру төлемдерімен қамтамасыз етілуі ретінде анықталады.

Мұндай заңдылыққа сәйкес, белгілі бір табыс деңгейі бар үй шаруашылығында тұтынушының жоғарырақ деңгейіне көшуге және нәтижесінде әлеуметтік қажеттіліктерді қанағаттандыруға мүмкіндік болуы керек. Орта таптың үй шаруашылығында өздерінің өмірлік стратегиясын өзгерту мүмкіндігі бар және экономикалық бостандыққа ие. Мұнымен қоса, білім, мәдениет, өнер, демалыс, ғылыми-техникалық прогресс тауарлары туралы айтуға болады. Статистикада бұл тәуелділік регрессия-корреляциялық модель көмегімен зерттеледі. Қазақстандағы орта таптың жоғарғы шегі туралы ашық сұрақ бар. Бұл тұрғыда бірнеше көзқарастар бар. Соның бірі

– орта тапты өлшеудің шекарасының болмауы. Өйткені, Қазақстанда жоғары таптың үлес салмағы өте төмен деңгейде. Жоғарғы таптың активтері мен қаржылық ағындарын басқарудан түсетін кірістер орта таптың өз кәсібінен, біліктілігі жоғары немесе басқарушылық кірістерінен алынады. Орта тапты жоғарғы таптан ажыратудың тағы бір тәсілі - жоғарғы тап өзінің материалдық қажеттіліктерін қанағаттандыруда шектеусіз активтер қолданатын болса, орта тап өкілдері өздерінің капиталға деген қажеттіліктерін қанағаттандыру үшін екінші қажеттіліктердің қанағаттандыруда едәуір шектеулер жасайды. Сонда, орта таптың жоғарғы шегі айына бір адамға 2000 доллар деңгейінде және бұл азық-түлікке кететін шығындар үлесінің 10-15%-ын құрайды.

Қазақстандық орта таптың өкілі келесі сипаттамаларға ие болуы мүмкін:

1. Орта немесе жоғары білімге ие болу;
2. Пәтерге, автокөлікке және жаңа заманауи технологияларға ие болу;
3. Жыл сайын жиһазды жаңарту;
4. Демалыс және мереке күндерін кафелерде немесе мейрамханаларда өткізу;
5. Жақсы беделге ие клиникаларда ақылы қызметтерді қолдану;
6. Балалардың біліміне қаражат салу;
7. Шетелге білім алуға немесе демалуға мүмкіндігінің болуы.

Жоғарыда атап көрсеткендей, Қазақстандағы орта тап білімі, мүлктік және кәсіби ерекшеліктері бойынша аз және гетерогенді деген қорытынды жасауға болады. Қазақстандық орта тап батыстық орта таптың атқаратын қызметтерінің 20%-ын ғана атқара алады. Алайда, статистикалық деректерге қарасақ, қазіргі кезде қазақстандық орта тап өкілдері ықпалды тұтынушы ретінде әрекет етуде. Саны аз болғанымен, Қазақстан тұтыну нарығының жоғары сапалы және жоғары технологиялы өнімдерге қарай даму векторын анықтай бастады. Қазақстанның ауқымды орта таптарының өсуі мемлекеттік реттеу арқылы жүзеге асырылады. Жергілікті орта таптың негізгі сипаттамаларын таңдау орта тапты құрудағы мемлекеттік реттеудің тиімді рөлдеріне мүмкіндік береді.

Әлемдегі экономикалық дамудың қазіргі кезеңі үшінші өнеркәсіптік революциямен сипатталады. Әйгілі экономист Л.Туровтың пікірі бойынша ұлттық экономикалық жүйелерден жаһандық экономикаға өтуді білдіреді және «білімді арттыру кезіндегі қазіргі заманғы экономикалық табыстың негізгі шарты» болып табылады. «Ескі табыс көзінің негіздері өткен шақтағы жер, алтын, мұнаймен өлшенген болса, бүгінде олардың орнын білім алады» деп жазады Туров [5, 115]. Жоғарыда айтылғандарға байланысты, мемлекеттік кіріс саясаты жұмысшылардың орта таптың негізгі салаларында тиімді жұмыс жасауы үшін ынталандырулар туғызуы керек. Сондай-ақ, экономиканың жеке секторларында шығу әлеуетіне кедергілер де кездесетіні анық.

Сонымен қатар, экономикалық өсу тұрғысынан орта тапты молайту үшін, мемлекеттік саясат шеңберінде кірістерді бөлу тетігі де қажет, ол тек кірістерді қорғау мәселелерін шешіп қана қоймай, сонымен бірге халықтың экономикалық қызметінің өсуіне ықпал етеді. Табыс деңгейі орта тапқа «даму» стратегиясын жүзеге асыруға қолданылмайтын жағдайды ұсынады, ол қазіргі қазақстандық орта таптың пайыздық көрсеткіші мемлекеттің әлеуетті өкілдері (дәрігерлер, мұғалімдер, зерттеушілер, зейнеткерлер және т.б.) есебінен көрініс табады.

Бүгінгі таңда, қазақстандық орта таппен байланысты үдерістерді ұйымдастыру үшін экономикалық бағдарламалау өте маңызды болып табылады. Бұл бағыт әртүрлі әлеуметтік-экономикалық мәселелерді шешуге бағытталған нақты мемлекеттік бағдарламаларды әзірлеу мен пайдалануды қамтиды. Атап айтқанда, басты мәселе - Қазақстандағы шағын және орта кәсіпкерлікті дамыту және қолдау арқылы орта таптың қалыптасуын қамтамасыз ету [6, 198].

Орта тап теориясы бойынша заманауи Қазақстанда да орта тап қоғамның тірегі ретінде біртіндеп қалыптаса бастады. Қазақстанның негізгі бөлігі - экономикалық жағдайы, құндылық бағдары және әлеуметтік сипаттамалары әлі айқын көрініс таппаған және тұрақсыз әлсіз біріккен топтардың қауымдастығы. Со-

нымен қатар орта таптың қалыптасу фактісі реформалар мен әлеуметтік-экономикалық институттардың тиімділігінің дәлелі ретінде қарастырылады.

Қорытынды

Қазақстандағы қазіргі жағдай, Қазақстандық әлеуметтанудың және жалпы ғылымның дамуында жаңа тенденциялардың дамығанын көрсетеді. Өнеркәсіп, орта және шағын бизнес, ірі қалалардағы басқа бағыттар қазақстандық ғалымдардың жұмысына тартымды бағыттарға айналууда. Осылайша, урбанизацияның дамуы аясында орта таптың рөлі мен мүмкіндіктерінің артуы ерекше маңызды болуда. Өйткені урбанизацияның негізгі «қозғалтқыштарына» айналуы тиіс орта таптың өкілдері күн өткен сайын аз мөлшерде болса да көбеюде. Кез-келген мемлекет үшін, әсіресе Қазақстан Республикасы үшін орта таптың қалыптасуы қала халқының өсуімен тығыз байланысты.

Сонымен қатар, Қазақстандық орта таптың стратификациялық моделі қолданыстағы теориялар, әдіснамалық тәсілдер мен Қазақстан тарихы және ұлттық өркениеттің сипаттамалары аясындағы әлеуметтанулық зерттеулер негізінде қалыптасты. Қазақстандағы орта тап моделі өркениеттік сипаттамалар тұжырымдамасын ұстана отырып, салыстырмалы көзқарастар пен нормативтік әдіснаманың үйлесімділігі негізінде тұжырымдалады және бағаланады.

Қорытындылай келе, орта таптың қоғамдағы орны мен рөлі туралы зерттеулер кедейлер мен байлар арасындағы дәнекер ретінде көрінеді, олардың біртектілігі және әлеуметтік стратификация пирамидасындағы ерекше құрылымдық-функционалдық жағдайы оның көп қабатты екенін және динамикалылығын анықтайды. Алайда, орта таптың әлеуметтік иерархиясындағы әлеуметтік сипатын таңдау және талдау салыстырмалы түрде индустриалды және постиндустриалды қоғамның қалыптасуы кезінде әлеуметтанушылардың зерттеу нысанына айналуы қалыпты жағдай.

References

1. Giddens A. Sociologija [Sociology] (Polity, Cambridge, 2008, 358 p.).
2. Bourdieu P. Distinction: A Social Critique of the Judgement of Taste (Routledge, 1984).
3. Ch.Wright Mills, White Collar: The American Middle Classes (Oxford University Press, 2002, p.49).
4. Heywood. A. Politics (Palgrave Macmillan, London 2002, 152 p.).
5. Thurow L. The Future of Capitalism (NB Publishing, London, 1996, 115 p.).
6. Nurbekova Zh. Predprinimatel'stvo v sovremenном kazahstanskom obshhestve [Entrepreneurship in modern Kazakhstan society] (Kazakh University, Almaty, 2006, 198 p.).
7. Otar E.S. Kazakstandagy kalalyk orta taptyn erekshelikteri [Features of the Urban Middle Class in Kazakhstan] (Astana, 2014).

G.D. Tazhibayeva¹, K. Kaliyev²

¹Istanbul University, Istanbul, Turkey

²L.N. Gumilyov Eurasian National University, Nur-Sultan, Kazakhstan

Social portrait and values of the Kazakh middle class

Abstract. The article discusses issues and information about the theoretical foundations of the analysis of the «middle class,» which began to form during the development of the capitalist trend and the formation of the middle class in the stages of development of modern Kazakhstan in the twentieth century. To answer this research question, a theoretical review of the literature is done and the necessary information is obtained using the «historical assessment» method. In addition, chronological analysis of the literature formulates the factors that determine social changes that affect the formation and development of the middle class in Kazakhstan.

It also analyzes the expert characteristics of sociological research conducted in Kazakhstan over the past two years. It is obvious that such analytical research is rarely conducted in the country in recent years. The main ways of implementing the actions taken by the state to address such issues are also considered.

Keywords: social structure, middle class, “new” middle class, the middle class of Kazakhstan.

Г.Д. Тажибаева¹, К. Калиев²

¹Стамбульский университет, Стамбул, Турция

²Евразийский национальный университет им. Л.Н. Гумилева, Нур-Султан, Казахстан

Социальный портрет и ценности казахстанского среднего класса

Аннотация. В статье рассматриваются вопросы и сведения о теоретических основах анализа «среднего класса», который начал формироваться в процессе развития капиталистического направления и формирования среднего класса на этапах развития современного Казахстана в XX веке. Чтобы ответить на этот исследовательский вопрос, делается теоретический обзор литературы и получена необходимая информация с использованием метода «исторической оценки». Кроме того, хронологический анализ литературы формулирует факторы, определяющие социальные изменения, влияющие на формирование и развитие среднего класса в Казахстане.

Также анализируется экспертная характеристика социологических исследований, проведенных в Казахстане за последние два года. Очевидно, что подобные аналитические исследования в последние годы в стране проводятся редко. Рассмотрены основные пути реализации мер, принимаемых государством для решения таких вопросов.

Ключевые слова: социальная структура, средний класс, «новый» средний класс, средний класс Казахстана.

Сведения об авторах:

Тәжібаева Г.Д. – «Әлеуметтану» мамандығының докторанты, Стамбул университеті, Necip Fazıl Mah. Писа көш. 11, Стамбул, Түркия.

Калиев Қ. – PhD, әлеуметтік ғылымдар факультетінің оқытушысы, Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, А.Янушкевич көш., 6, Нұр-Сұлтан, Қазақстан.

Tazhibaeva G.D. – Ph.D. student in Sociology, Istanbul University, Necip Fazıl Mah district, Писа st. 11, Istanbul, Turkey.

Kaliyev K. – Ph.D., Lecturer of the Faculty of Social Sciences, L.N. Gumilyov Eurasian National University, 6 A. Yanushkeevich str., Nur-Sultan, Kazakhstan.